



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

В.Н. Ковалева, - М., 1998, 5 б.

2. Социология социальной сферы. Г.И. Осадчая, - М., 1999, 83-84 б.

3. Атаулы көмек: оның бүгіні мен болашағы // Егемен Қазақстан. 2002 жылғы 10 қазан

4. Қазақстан Республикасының Заңы «Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы».
//Егемен Қазақстан, 2001 жылғы 10 тамыз

УДК 331.538:[364.26-053.6]

НАРЫҚ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ МҮГЕДЕК ЖАСТАРДЫ ЕҢБЕКПЕН ҚАМТУ ЖҮЙЕСІ

Маутқанова Райхан Маутқанқызы

m.raihan_93@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Әлеуметтік ғылымдар факультетінің Әлеуметтік жұмыс
мамандығының 4-курс студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Г.Д. Исахова

Қазіргі таңда еліміздегі ресми деректерге сүйенетін болсақ, 506,4 мың мүмкіндігі шектеулі жандар тұрады екен. Бұл жалпы тұрғындардың 3%-ын құрап отыр. Соның үштен бір бөлігі еңбекке жарамды азаматтар мен азаматшалар болса, 17,5%-ы балалар. Ал 20 мыңнан астамы – жанарынан, 19 мыңға жуығы – есту қабілетенен айырылған мүмкіндігі шектеулі жандар болып табылады. Мүгедек жастардың ең бір өзекті әрі шешімін таппай тұрған мәселелердің бірі – ол жұмыспен қамтылу жайы. Өйткені соңғы жылдарда мүгедектердің жәрдемақысы тек қана 9 %-ға ғана өскен болатын. Еңбекке қабілетті бірақ, мүмкіндігі шектеулі жандарға жұмыс беруші қарамағынан жұмыс тауып бермесе, онда айыппұл салынуы тиіс. Сонымен қатар шешімін күтіп тұрған тағы бір мәселе, ол мемлекеттік және мемлекеттік емес мекемелерде пандустың жоқтығы.

Мүгедек жастарды еңбекпен қамтамасыз ету үшін, жергілікті атқарушы органдар (әкімшілік) жұмыс орындарының санына байланысты үш пайыздық көлемде квота бөледі; жеке кәсіпкерлік пен шағын және орта, үлкен көлемді бизнесті дамыту арқылы қосымша жұмыс орындарын бөледі, сонымен қатар Қазақстан республикасының Заңнамасына сәйкес мүгедектерді жұмыспен қамту үшін жұмыс орындарын анықтап, мүгедектерге кәсіби білім беру қарастырылып отыр.

Еңбек қарым - қатынасы тұрғысынан мүмкіндігі шектеулі жандардың құқықтары заңмен негізделген. Еңбек келісім- шартынан бас тарту, басқа қызметке ауысу мүгедектердің өздерінің келсімінсіз жүзеге аспайды, керісінше жағдайда, егер мүгедектің сырқаттануына байланысты еңбекке жарамсыздық танытатын болса, жұмыстан босатылады [1].

Мүгедек жастардың арасындағы ең бір өзекті әрі шешімін күтіп тұрған мәселелердің бірі – ол еңбекпен қамтылу мәселесі. Өйткені соңғы жылдарда мүгедектердің жәрдемақысы 9 %-ға ғана өскен. Қазіргі нарықтық экономикада және бүкіл әлемдік дағдарыс және инфляция деңгейінің шамадан тыс жылдам өсуі мүгедектердің жеткілікті дәрежеде өз қажеттіліктерін қамтамасыз етуге кедергі келтіріп отыр.

Қазіргі күнде қоғамның санасында мүгедек адамдар еңбек ете алмайды және етпейді, ол жақындарының немесе мемлекеттің қамқорлығында өмір сүреді деген көзқарас әлі бар, солай қалыптасқан. Бірақ, мүгедектердің арасында да тәуелсіз болып, жұмыс істеп өз жеке кәсібін ашқысы келетіндер де бар. Мүмкіндіктері шектеулі болғандықтан, ол адамдар жұмыс іздегенде көп қиындықтарға кездеседі, осыған байланысты олар мемлекеттің қолдауына өте мұқтаж [2].

Ұлт Көшбасшысы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына жиырма қадам» бағдарламалық мақаласында «бүгінде еңбек – ХХІ ғасыр жағдайындағы шешуші ұлттық фактор ретінде, жаһандық бәсекелестік жағдайында, – алдыңғы кезекке ілгерілетілуі тиіс» - деп атап көрсеткен болатын.

Мүгедектерді жұмысқа орналастыру - өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Қазіргі уақытта жұмыс берушілердің мүгедектерді жұмысқа қабылдауға міндеттейтін бірден бір тетігі – мүгедектер үшін жұмыс орындарын квоталау. «Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабына сәйкес «Астана қаласында жұмыс орындарына квота белгілеу туралы» Астана қаласы әкімдігінің 2006 жылғы 29 мамырдағы № 23-10-482 қаулысымен жұмыс орындарының жалпы санының үш пайызы мөлшерінде мүгедектер үшін жұмыс орындарына квота белгіленген [1].

Мүгедектерді жұмысқа орналастыру – халықты жұмыспен қамту орталығының негізгі мақсаты мен міндеті болып табылады. Басқа топтағы азаматтарға қарағанда мүгедектерді қабылдау мен қайта тіркеу өзгешелігі төмендегідей: бір жағынан олардың денсаулығы белгілі бір еңбек түрімен айналысуға мүмкіндік бермеуі мүмкін, екінші жағынан олардың еңбек ету мүмкіндіктері шектеулі. Мүгедек азаматтардың жұмысқа орналасу барысында басқа азаматтармен тең болмауы салдарынан тұлғаның қоғамдағы мәртебесінің төмен болуы кездеседі. Мүгедектердің психологиялық өзгешеліктерін білу оларды қайта тіркеуге алу кезіндегі қарым-қатынас үшін және оларды өздерінің мүмкіншілігіне байланысты жұмысқа орналастыру үшін қажет.

Бүгінгі таңда елімізде 563 мыңнан астам мүмкіндігі шектеулі жан тұрады, олар халықтың жалпы санының 3 % -нан астамын құрайды. Мұнда 58 мыңнан астамы мүгедек балалар; бүгінде мүмкіндігі шектеулі және мүгедек жастар әлеуметтік қорғау ұғымы өзгеріп, жаңа сипатта іске асырылуда. Мүмкіндігі шектеулі адамдардың құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту үшін елімізде бірқатар маңызды заңдардың қабылданғанын айта кету керек [3].

Айта кетерлік тағы бір мәселе - қоршаған ортаға, әлеуметтік мекемелерде қол жетімділікті қамтамасыз ету. Жергілікті органдарда осы мақсатқа қажетті жағдай тудыру істері өте баяу және пассивті жүргізілуде. Еліміздегі қаншама мекемелерінде мүгедектердің арбасы жүретін жолдар мен қондырғылар мүлде орнатылмаған, пандустар жоқ. Орнатылғанның өзінде өте сапасыз жасалынған. Қазақстанда жаяу жүргіншілер өтетін жолдың жиырмадан бір бөлігі ғана дыбыс және жарық беретін құрылғылармен жабдықталған. Қоғамдық көліктердің 3,6% ы ғана мүгедектердің мінуіне және түсуіне қажетті жабдықтармен қамтамасыз етілді [2].

Мүгедектердің құқықтары туралы конвенцияның міндеттемелерін орындау барысында мүмкіндіктері шектеулі адамдарды қоғамға кіріктіру және өмір сүруіне және теңдей құқықтар беруге ықпал етеді, бұл басты құндылықтары адам, оның құқықтары мен бостандығы болып табылатын демократиялық, құқықтық мемлекет ретінде Қазақстанның халықаралық имиджіне оң әсер етеді деп ойлаймын.

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына жиырма қадам» бағдарламалық мақаласында «бүгінде еңбек – ХХІ ғасыр жағдайындағы шешуші ұлттық фактор ретінде, жаһандық бәсекелестік жағдайында, – алдыңғы кезекке ілгерілетілуі тиіс» - деп атап көрсетті.

Бұл жаңғыртуға байланысты бүгінгі таңда әлеуметтік саясаттың ең маңызды міндеттерінің бірі қарапайым халықтың мүддесін қорғау болып табылады. Бұл әсіресе нақты бір әлеуметтік тәуекел туған жағдайдайларда, оның ішінде еңбек ету қабілетінен айрылған жағдайда өзекті болып отырған мәселелердің бірі [4].

Жалпы кез-келген мемлекеттік әлеуметтік қолдау жүйелерінің шешілетін міндеттерінің ұқсастығына қарамастан, әр елде оларды шешудің әдіс-тәсілдері мен ұйымдастырушылық ресімделуінде айырмашылықтар бар.

Еліміздегі әлеуметтік қорғау- заңнама түрінде белгіленген халықтың әлсіз топтарына әлеуметтік, құқықтық және экономикалық кепілдіктерді жүзеге асыру басымдықтарын білдіреді. Елдің әлеуметтік міндеттемелерінің кең көлемді тізімі Қазақстан Республикасының Конституциясында кеңінен көрсетілген. Мемлекетіміздің негізгі заңына сәйкес жасына байланысты еңбек ақының төменгі мөлшері мен зейнетақы, ауыру жағдайына, мүгедектігіне, асыраушысынан айрылуына және басқа да заңдық негіздер бойынша

әлеуметтік қамсыздандырылуға кепілдік беріледі.

Қазақстан Республикасының әлеуметтік қорғау жүйесінің әлемдік стандарттарға жақындауының маңызды қадамы болып Елбасының 2008 жылғы желтоқсанда «Біріккен Ұлттар ұйымының «Мүгедектердің құқықтары туралы» Конвенциясына қол қоюы болды. БҰҰ Конвенциясының басты мақсаты мүмкіндігі шектеулі жандардың құқықтарын қорғауға және ынталандыруға, оларға қатысты кемсітушіліктерді жоюға, олардың жұмыс істеуіне, денсаулықтарын сақтауына, білім алуына және қоғам өміріне толықтай қатысуы, әділеттілікке қол жеткізуі, еркін қозғалуы құқықтарын қамтамасыз етуге және ынталандыруға бағытталған [5].

Мүгедек жастарды адамның физикалық мүмкіндігін шектеп қана қоймай, қазіргі заманғы өмір сүруіне қажетті жұмысқа орналасу, табыс табу мүмкіндіктерін шектейтін аса күрделі құбылыс болып табылады. Осыған байланысты әлеуметтік қамсыздандырудағы мемлекеттік саясат ең алдымен азаматтар жұмыс істеу қабілетінен айрылған жағдайда оларды қаржылық қолдауға бағытталған.

Мүгедектігі бойынша әлеуметтік қатер туған жағдайда базалық конституциялық кепілдіктерді жүзеге асыру үшін азаматтар еңбек қызметін жүзеге асыруына қарамастан мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен тағайындалатын мүгедектігі бойынша жәрдемақы тағайындау үшін өтініш бере алады. Жәрдемақының мөлшері мүгедектік тобына байланысты төменгі күнкөріс деңгейіне қарай тағайындалады. Жыл сайын республикалық бюджет туралы заңға сәйкес төменгі күнкөріс деңгейінің ұлғаюымен мүгедектігі бойынша жәрдемақы мөлшері де артып отырады.

Еңбек ету қабілетінен айрылуына байланысты шығынның едәуір бөлігін әрине қызметкер көтереді, алайда міндетті әлеуметтік сақтандыру арқылы еңбек ету қабілетінен айрылу кезеңінде жоғалтқан еңбек ақысынан емделуге шыққан шығынды толықтай немесе жартылай қайтаруға болады.

Жұмыспен қамту орталығында жұмыссыз ретінде тіркелген мүгедек жастар арасында еңбектің жеңілдетілген немесе арнаулы жұмыс орындарын керек ететін үлкен жастағы адамдар басымырақ [4].

Мүгедек жастарды жұмысқа орналастыру – халықты жұмыспен қамту орталығының негізгі мақсаты мен міндеті болып табылады. Басқа топтағы азаматтарға қарағанда мүгедек жастарды қабылдау мен қайта тіркеу өзгешелігі төмендегідей: бір жағынан олардың денсаулығы белгілі бір еңбек түрімен айналысуға мүмкіндік бермеуі мүмкін, екінші жағынан олардың еңбек ету мүмкіндіктері шектеулі. Мүгедек жастардың жұмысқа орналасу барысында басқа азаматтармен тең болмауы салдарынан тұлғаның қоғамдағы мәртебесінің төмен болуы кездеседі. Мүгедек жастардың психологиялық өзгешеліктерін білу оларды қайта тіркеуге алу кезіндегі қарым-қатынас үшін және оларды өздерінің мүмкіншілігіне байланысты жұмысқа орналастыру үшін қажет.

Мүгедек жастардың кәсіби қайта оңалту мәселесін шешу үшін халықты жұмыспен қамтамасыз ету орталығы келісім шарт жасайды. Қызығушылық тудырған әртүрлі мүдделі құрылымдармен: әлеуметтік қорғау органдарымен, медициналық -әлеуметтік сараптама бюросымен, жұмыс беру орталығымен іс жүзінде іске асыратын іс шараларды әзірлейді. Мына жағдайда, жоғарыда көрсетілген топтағы азаматтар мүлкін (үйін, пәтерін, автотұрағын) қолдануға немесе жалға берсе, онда салық кодексі бойынша мүлік салығын жалпы ережеге сәйкес төлейді [1].

3. Ұлы Отан соғысы ардагерлері мен оған теңестірілген азаматтар және де І-ші, ІІ-ші топтағы мүгедектер мүлік салығын айлық есеп көрсеткішінің жалпы құны 1500 теңге (1 456 500 теңге) көлемінде болғанда төлемейді. Мысалы, егер мүлік құны (үй, пәтер, автотұрақ) 1 000 000 теңге болса, мүлік салығына 0,1% қосылады [56].

Бұл жағдайда ІІІ-ші топтағы мүгедектерге мүлік салығынан жеңілдіктер қаралмайды.

Кәсіби қайта оңалту жұмысы бірқатар мәселелерді шешумен байланысты:

1. Жұмысқа орналасуды қажет ететін мүгедектердің санының көп болуына байланысты медициналық ұсыныстарға қарай және кәсіби біліктілігіне қарай оларға сұраныс пен

ұсыныстың төмен болуы мүгедектерді жұмысқа орналастыруын қиындата түседі.

2. «Кәсіби қайта оңалту» тарауында қайта оңалтудың жеке бағдарламасында (ҚОЖБ) еңбек бойынша ұсыныстар кәсіби дағдыларды есепке алмай көрсетіледі.

3. Қолайлы жұмыс табу мақсатында тіркелуге келген мүгедектердің негізгі бөлігіне ҚОЖБ –да мамандықтың азғана түрі көрсетіледі (мысалы, вахтер, бақылаушы, лифтер). Мұндай мамандықтар көп салада және көп қызметшілерді қажет етпейді.

4. Кейбір мүгедектер еңбек бойынша ұсыныстарымен таныс емес және жұмыс істей алмайсыз деп ҚОЖБ-да көрсетілген жұмысқа орналасу туралы ұсыныстардан бас тартады.

5. ҚОЖБ –да көрсетілген мамандықтың азғана түрі болғандықтан, біраз мүгедектер жұмысқа орналаса алмай қалады, бұл олардың жұмысқа деген ықыласын төмендетеді және жұмыссыздықтың уақыты біткен соң, қайтадан жұмыссыз ретінде тіркелуге өтініш білдіреді.

6. Жаңадан ҚОЖБ бойынша құжаттар дайындағанда жұмыспен қамтамасыз ету орталағының осы азаматтармен алдында жасалған жұмысы ескерілмейді; Мүгедектерді кәсіби даярлау туралы және қайта даярлау туралы ұсыныстардың жоқтығы кедергі келтіреді.

7. Мүмкіндігі шектеулі адамдарға арнаулы жұмыс орындарын ашу қаржылық жағынан қамтамсыз етуді талап етеді.

8. Мәселенің күрделі жақтарының бірі - мүгедек балалар. Еңбек нарығында керек болу үшін, олардың білім деңгейі мен және кәсіби дайындығының жоғары болуы керек. Қазіргі қоғам оларға осы қоғамның толыққанды мүшесі болатынына және еңбек нарығында керек болатынына кепілдік бере алуы тиіс [3].

Мүгедек жастарды жұмысқа орналастыру тек қана жұмыспен қамтамасыз ету орталығы арқылы ғана емес, мүгедектердің жұмыс берушіге өтініш білдірулері арқылы да іске асыруға болады.

Елбасы қазақстандықтарға жолдауында «Мүмкіндігі шектеулі адамдар тұрмыстық қызмет көрсету, тағам өнеркәсібі, ауыл шаруашылығы кәсіпорындарында жұмыс істей алады. Мен барлық кәсіпкерлерге оларды жұмысқа орналастыруға көмектесіңіздер деп тағы да айтқым келеді. Сондай-ақ, 5-10 адамға арналған арнайы квотаны енгізу мүмкіндігін қарастыруға болады» деп атап көрсетті

Әрбір адам мүгедектік топтарынан тәуелсіз еңбекке құқығы бар. Еңбек кодексіне сәйкес, денсаулық жағдайы еңбек міндеттерін орындауға кедергі келтіретін не оның денсаулығына және (немесе) басқа адамдар еңбегінің қауіпсіздігіне қатер төндіретін жағдайларды қоспағанда, мүгедектік себептері бойынша еңбек шартын жасаудан бас тартуға, мүгедекті басқа жұмысқа ауыстыруға, еңбек жағдайларын өзгертуге тыйым салынады. Мүгедек жастың нақты жәй-күйін емдейтін дәрігерінен басқа ешкім білмейтіні анық, сондықтан атап айтқанда емдейтін дәрігері әр түрлі жұмыс түрлерін орындау үшін көрсеткіштері мен қарсы көрсеткіштерін анықтауда жетекші роль атқарады.

Қолданылған әдебиет

1. Ж.А. Омарбекова Доклад: Проблемы трудоустройства инвалидов в Казахстане и пути их решения// Астана қ. 2013 ж.

2. Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. - 2014 жылғы 17 қаңтар

3. Қазақстан Республикасының «Мүгедектерді әлеуметтік қорғау» туралы заңы (2011.05.07. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен) Астана, Ақорда, 2005 ж. сәуірдің 13-і. № 39-III

4. Халықты жұмыспен қамту туралы Қазақстан Республикасының 2001ж. 23 қаңтардағы № 149-ІІ Заңы (2013.03.07. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)

5. Холостова Е.И. Глоссарий социальной работы.- М.: Издательско-торговая корпорация "Дашков и К°", 2007.